

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
"Облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын)
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
түсіндіру бойынша жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

20.05.2024ж.

Төрағасы: Байсалов Алмат Мейрбекович – Басшы орынбасары

**Хатшылықта: Аманов Айтжан Салкенович – Кадр бөлімінің
инспекторы**

**Баяндаушы: Қарабатыров Шыңғыс Мәлікұлы – Заңгер, Комплаенс
қызметі**

Қатысқандар: Кәсіпорны бөлімдер мен бөлімшелердің жетекшілері

Күн тәртібінде:

- 1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы);**
- 2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ).**

Төрағалық етуші А.М. Байсалов жиналысты ашық деп жариялап, Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі – түсіндірме жұмыстары табылатынын ескеріп, баяндаушыға сөз берді.

Қарабатыров Ш.М. Кәсіпорнының заңгері әрі Комплаенс офицері Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен таныстырып, мемлекеттік, бюджет және әлеуметтік салаларында сыбайлас жемқорлықты жою және болдырмауды қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының әр-бір азаматтын парызы деп ескірттіп және Кәсіпорнының қызметкерлеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлықтың көрінісі немесе деректері туралы Кәсіпорнының басшылығымен Комплаенс қызметіне тез-арада хабарласу керектігін айтты. Сонымен қатар, Кәсіпорнының әр қызметкері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің нормаларын қатан сақтауға шақырды.

Әрі-қарай өз баяндамасында сыбайлас жемқорлықпен мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларда болдырмауға тырысуды және

осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруды кәжет екенің туралы толыққанды мәлімет берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, Кәсіпорының қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы А.М. Байсалов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы



А.М. Байсалов

Хатшы

А.С. Аманов